**Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақырылуын жүргізуді ұйымдастырып, қамтамасыз ету туралы**

***Күшін жойған***

Алматы облысы Кербұлақ ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 31 наурыздағы N 85 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Кербұлақ ауданының Әділет басқармасында 2011 жылы 08 сәуірде 2-13-137 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Кербұлақ ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 26 наурыздағы N 86 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Кербұлақ ауданы әкімдігінің 2012.03.26 N 86 Қаулысымен.

Р Қ А О ескертпесі.
Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 8-тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 19-бабының 3-тармағына, 20-бабының 1-тармағына, 18-бабына, 23-бабының 1-тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасының Президентінің 2011 жылғы 03 наурыздағы N 1163 "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір–маусымында және қазан желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 03 наурыздағы "Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын іске асыру туралы" N 250 Қаулысы негізінде Кербұлақ аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Кенттік, ауылдық округтері әкімдеріне Сарыөзек кенті, Құлжабай би көшесіндегі 6-үй мекен-жайындағы шақыру учаскесіне "Алматы облысы Кербұлақ ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі арқылы он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтарды, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтардың кезекті мерзімді әскери қызметке шақырылуын жүргізу 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында ұйымдастырсын және қамтамасыз етсін.

2. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды жүргізу үшін әскерге шақыруды

өткізу кезеңіне аудандық шақыру комиссиясы 1-қосымшаға сәйкес құрылсын.

3. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі 2 және 3-қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

4. Кенттік, ауылдық округ әкімдері 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында өтетін шақыру мерзімінде әскер қатарына шақырылғандарды, олардың шақыру учаскесіне шақырылғандығы туралы хабардар етіп және олардың дер кезінде келуін ұйымдастырсын.

5. "Кербұлақ аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығына Серік Аманкелдіұлы Беспаев (келісім бойынша) әскери міндеттерін орындаудан жалтарған адамдарды іздестіруді және ұстауды өз құзыреті шегінде ұйымдастырып жүргізсін, ішкі істер органдары әскери қызметке шақырудан жалтарған адамдарды жеткізуді, сондай-ақ әскерге шақырылушылардың әскери бөлімдерге жөнелтілуі кезінде қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз етсін.

6. Кербұлақ ауданы әкімдігінің 2010 жылдың 01 сәуіріндегі "Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақырылуын жүргізуді ұйымдастырып, қамтамасыз ету туралы" N 60 (Кербұлақ ауданының Әділет басқармасында 2010 жылдың 6 мамырында N 2-13-114 нөмірімен нормативтік құқықтық актісі Реестрінде мемлекеттік тіркеудің тізілімінде тіркелген) қаулысының орындалуына байланысты күші жойылды деп танылсын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Б. Момбаевқа жүктелсін.

8. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі Н. Жантілеуов*

2011 жылдың 31 наурызының N 85 "Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақырылуын жүргізуді ұйымдастырып, қамтамасыз ету туралы" қаулысына 1-қосымша

## Аудандық шақыру комиссиясының құрамы

## Комиссия төрағасы:

1. Мекебек Жамауұлы Жамауов - аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы;

## Комиссия төрағасының орынбасары:

2. Марат Нұрмұханұлы Айнабеков - аудандық ішкі саясат,мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бастығы,(келісім бойынша);

## Комиссия мүшелері:

3. Бекетай Жұматайұлы Алимбаланов - аудандық ішкі істер бөлімінің орынбасары,полиция подполковнигі (келісім бойынша);
4. Нұржан Оразкенұлы Сергазинов - медициналық комиссияның төрағасы, аудандық орталық аурухана бас дәрігерінің орынбасары (келісім бойынша);
5. Жанна Құсайынқызы Идиатова - комиссия хатшысы, аудандық орталық аурухананың мейірбикесі.

2011 жылдың 31 наурызының N 85 "Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір- маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақырылуын жүргізуді ұйымдастырып, қамтамасыз ету туралы" қаулысына
2-қосымша

## Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі

| N | Ауыл округтерінің атауы | Шақырылғандар саны | Сәуір | | | | Маусым | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Сарыөзек | 90 | 50 | 50 | 50 | 50 | 20 | | | |
| 2 | Қызылжар | 56 | 25 | 25 | 25 | 5 | | | | |
| 3 | Жоламан | 68 | | 25 | 25 | 25 | 5 | | | |
| 4 | Шанханай | 72 | 25 | 25 | 25 | 25 | 25 | 25 | 10 | |
| 5 | Қарашоқы | 52 | 10 | 10 | 10 | 10 | 10 | 10 | 5 | |
| 6 | Сарыбұлақ | 63 | 10 | 10 | 10 | 10 | 10 | 10 | 10 | 2 |
| 7 | Сарыбастау | 49 | | 10 | 10 | 10 | 10 | 10 | 10 | 10 |
| 8 | Талдыбулақ | 39 | 10 | 10 | 10 | 10 | 10 | 10 | 5 | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 9 | Қаспан | 46 | 10 | 10 | 10 | 10 | 10 | 10 | 10 | 4 |
| 10 | Алтынемел | 60 | 20 | 20 | 20 | 21 | | | | |
| 11 | Басши | 71 | 25 | 25 | 25 | 25 | 30 | | | |
| 12 | Жайнақ | 72 | | | 25 | 25 | 25 | 25 | 10 | |
| 13 | Қоғалы | 140 | 40 | 40 | 40 | 40 | 40 | 30 | | |
| 14 | Көксу | 33 | | | | | 25 | 25 | 25 | |
| 15 | Шұбар | 40 | 10 | 10 | 10 | 10 | 10 | 10 | 8 | |

2011 жылдың 31 наурызының N 85 "Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір- маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақырылуын жүргізуді ұйымдастырып, қамтамасыз ету туралы" қаулысына 3-қосымша

## Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі

| N | Ауыл округтерінің атауы | Шақырылғандар саны | Қазан | | | | Желтоқсан | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Сарыөзек | 90 | 50 | | | 25 | | | | 15 |
| 2 | Қызылжар | 56 | | 36 | | 15 | | | 5 | |
| 3 | Жоламан | 68 | | | 30 | | 20 | | | 18 |
| 4 | Шанханай | 72 | 36 | 15 | | | | 21 | | |
| 5 | Қарашоқы | 52 | 22 | | 15 | | 10 | | 5 | |
| 6 | Сарыбұлақ | 63 | | 28 | 15 | 10 | 10 | | | |
| 7 | Сарыбастау | 49 | 14 | | | 18 | | 17 | | |
| 8 | Талдыбулақ | 39 | | 19 | | | 20 | | | |
| 9 | Қаспан | 46 | 26 | | 20 | | | | | |
| 10 | Алтынемел | 60 | 31 | 29 | | | | | | |
| 11 | Басши | 71 | | 20 | 15 | 10 | 10 | | | |
| 12 | Жайнақ | 72 | | | 35 | 22 | 15 | | | |
| 13 | Қоғалы | 140 | 30 | 10 | | 10 | 21 | 30 | 35 | 4 |
| 14 | Көксу | 33 | | | | 15 | | 18 | | |
| 15 | Шұбар | 40 | | | 20 | 15 | | 5 | | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК